

«№2 Сайрам" бобекжай-бақшасы» МКҚК

БЕЛГІЛЕМІШ
«№2 Сайрам» бобекжай-бақшасы»
МКҚК-ның меңгерушісі
Ж.С. Науменова
«Балдырған» ортаңғы топ

АҰІӘ тақырыбы:

«Ойыншықтар әлемі»



Тәрбиеші: Аргинбаева А.

Тақырыбы: Ойыншықтар әлемі.

Ашық ұйымдастырылған іс -әрекеттің мақсаты:

Балаларға балабақша туралы түсінік беру, ойыншықтар туралы әңгімелеу қабілеттерін қалыптастыру, ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру. Балаларды ойыншықтармен таныстыру кезінде зейін, еске сақтау және қабылдау қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын дамыту; балабақшадағы ойыншықтарды күтін ұстауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Белсенді сөздік қорға: ойыншықтар, доп, тығылып қалды, жылтыр, дөңгелек сөздерін қосу. Сөйлеуде сәлемдесу сөздерін орнымен қолдануды үйрету. Сәлемдесу сөздері: «Сәлеметсіз бе!», «Сау болыңыз!»

Әдіс -тәсілдер

Әңгімелесу, сөздік жағтығу, ойыншық пен суретті көрсету, ойыншықты зерттеу, сергіту сәті, ойын рефлексиясы, пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар.

Түрлі ойыншықтар: қуыршақ, доп көліктер.

Баяу ырғақты, құлаққа жағымды аудиожазбалар.

Кіріспе бөлім.

Алдыңғы әуенжазба бәсен дыбыста қайта қосылады.

Педагог балаларды ойын алаңына ертіп шығады.

«Сәлемдесу» жағтығуы.

Педагог:

- Біз қайда келдік? Дұрыс. Біз балабақшаға келдік.
- Балалар, біздің балабақшамыздың аты ... Қайталайық. Еске сақтап жүрейік.

Жарайсындар!

- Балалар, балабақшада тәртіп бар. Таңертең бір-бірімізге сәлемдесу сөздерін айтамыз. Сәлеметсіз бе! Қайталаңдар. Сәлеметсіз бе!

Ойыншықтарды зерттеу.

Педагог:

- Балалар, балабақшада көп ойыншықтар бар.
- Ортада тұрған орындықтан нені көріп тұрсың? Алып келші.



- Мынау не? Мәншүк, қайтала. Қуыршақ. Амина, қуыршақта не бар?

Жауап берген бала қуыршақтың дене мүшелерін атайды: «Қуыршақта басы, денесі, қолдары, аяқтары бар. Басында шашы бар. Бетінде көзі, мұрны, аузы бар».

- Жақсы, қуыршақты ыдыс-аяқ деп атауға бола ма? Жок. Қуыршақ - ойыншық.

Қайтала. Жарайсың! Отыра ғой.



Доп балалардың алдына домалап келеді.

- Балалар, кім айтады? Домалап келген не?

- Иә, бұл доп. Шұғыла, қайтала. Жарайсын!

- Аслан, допты атадың, доп туралы әңгімелеп берші. Мен саған көмектесемін.- Доптың пішіні қандай? Иә, дөңгелек. Жарайсың! Доптың пішіні дөңгелек. Аяна, қайтала.

- Доптың түсі қандай? Жақсы.

- Допты қолмен сипасаң, беті қандай екен? Иә. Доп жылтыр. Барлығымыз қайталайық.

- Допты жерге тастасак, ол не істейді? Иә. Доп домалап кетеді. Қайталаймыз.

Жарайсыңдар, балалар!

- Балалар, доппен ойнауға болады. Тыңдап көріңдер.

Педагог доппен түрлі қимылдар жасайды, сипайды, домалатады, жерге ұрғылайды, қолға алады.

Көркемсөз.

Дина Ахметова «Доп».

Топ-топ-топ-топ-топ еткен

Қолдан түсіп доп кеткен.

Ытқып шығып бұрыштан

Томпаң қағып, бір жеткен.

Қайта түссе құшаққа,

Асықпайды еш жаққа.

Қолды сипап, айналып,

Шақырар ойын жаққа.

- Балалар, өздеріңе ұнайтын ойыншықтарды алып, ойын ойнайық.

1. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Түрлі түсті доптарды шығыршық ішіндегі тұрған ыдысқа түсіне қарай топтастыру.

2.«Басқатырғыш ойыны» Шарты: Араласқан асықтарды орындарына қояды.

3. «Мәреге жетіу» ойыны Шарты: кубик лақтыру арқылы асықтардың жүру жолын белгілеп мәреге бірінші келген асық иесі жеңімпаз болады.

4. «Сингапур әдісі» қамшы өру, шаш өру, тоқыма тоқу.

Сергіту сәті.

Көркемсөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі ұйымдастырылған ісәрекеттен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін жақсы таныс болуы тиіс. Балалар педагогтің сергіту сәтіндегі алғашқы сөздерді айтқанын және әуен аккордтарын естіген кезде, жаттығуларды еркін жасауға дайын болады. Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді шамаларына қарай қайталайды.

Шығармашылық ортада:

Трафаретте доптың суретін салу.

Теңселмелі қуыршақты жапсыру.

Авто көлікті түстеріне сәйкестендіріп мүсіндеу.

3. Қорытынды

Педагог:

- Балалар, қандай тамаша! Ойыншықтар сөрелерге тізіліп тұр. Осының барлығын қалай атаймыз? Иә. Бұлар ойыншықтар. Жарайсындар!

Ойыншықтарымызды үнемі жинап жүрейік. Тамаша!

Ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, балаларды мақтау.

Педагог:

- Балалар, бүгін немен таныстық? Не істедік? Ойыншықтармен таныстық.

Ойыншықтармен ойнадық.

- Ойыншықтар сөреде жиналып тұр. Ойыншықтар да тәртіпті жақсы көреді. Бәрекелді!

- Ұйымдастырылған іс-әрекет аяқталды. Жарайсындар, балалар!